

Нұсқау

«Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды ұйымдастыру»

- Ғимарат және топтардың ішін техникалық қадағалау(киіну бөлмелерінде төбенің майлануын қадағалау, аркадардың беріктігін, еден, баспалдақ, терезелердің рамалары, желдеткіш құрылғылары, тоқ желіліері, санитарлық-техникалық құрылғылар). Міндетті түрде су құбырларының, канализацияның, газ құрылғыларының толық жұмыс жасауын қадағалау, тұрақтылығын және фрамугалардың түзулігін, форточкалар, дене шынықтыру құралдары, жиһаздарды қадағалау. Портреттер, суреттер, өрт сөндіргіш, шкафтар, киімге арналған ілгіштер және сүлгі ілгіштері берік жарға немесе еденге бекітілуі керек.
- Топта, ғимарат ішінде және аулада баланың бойы жететін жерге шеге қағуға тыйым салынады. Ілгіштер ағаштан жасалған болуы керек.Топта гүл қоятын құрылғылар берік болуы керек.
- Жеке бас гигиенасын сақтандыруда ОКИ, педикулезга,гельминтозаға қарсы әр баланың өз тарағы, сүлгісі бет орамалы мен тіс щеткасы болу керек.
- Мәдени-гигиеналық тазалықты сақтауда тамақ алдында, дәретханадан кейін, серуеннен келгенде қолдарын жуу.
- Дәрі, тазалағыш заттарды, шырпыны балалардың қолы жетпейтін, жабық шкафтарда сақтау. Электр қондырғылары, тоқ құралдары бала қолынан алыста болу керек.
- Ине, ілгектерді баланың қолы жетпейтін жерлерде сақтау. Қайшылар сабақта басы ұшты болмау керек.Тәрбиеші қадағалауымен жұмыс жасау керек.
- Баланы өз ата-анасынан таңертен қабылдап, кешкісін ата-ананың өзіне тапсыру керек.
- Баланы 16-жасқа толмаған немесе ішімдік ішкен тұлғаларға сеніп тапсыруға болмайды.
- Аймақтағы шұңқырларды көміп тастау, құдық, қоқыс жәшіктері қоршауда болу керек. Аулада, аймақта балаларға қауіпті заттар (тақтай, шегесі шыққан жәшік, электр сымы, әйнек, ыдыстар) болмауы керек.
- Орындықтарға аяғымен мінуге тыйым салу (орындықтар отыруға арналған).
- Әрдайым аймақта ағаш сынықтары жоқ екенін тексеру.
- Гүл отырғызғанда кірпішпен қоршауға тыйым салынады.
- Спорттық құралдар аймақта (сырғанақ, баспалдақ, т.б.) жақсы жабдықталып берік орнатылуы керек. Дұрыс емес жерлерін МДҰ басшылығына хабарлау.
- Сырғанақтан аяқпен сырғануға тыйым салу.
- Балалар аймақтан кетіп қалмауын қатаң ұйымдастыру. Өз бетімен кетіп қалған жағдайда балабақша жұмысшысын іздеп келуге жіберу және басшыларға хабарлау, жақын жердегі милиция бөлімі мен ата-анасына хабарлау.
- Серуен кезінде балабақша ауласы жабық болу керек, қоршау жоғары болу керек. Ұйқы кезінде ғимараттағы негізгі есіктен басқасы жабық болу керек.
- Балабақша аймағы мен ғимарат ішіне таныс емес адамдарды құжатсыз немесе жеке куәлігі болмаса кіргізбеу.
- Балабақшада санитарлық, еңбекті қорғау ережелерін, техника және өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау.
- Балабақша жұмысшыларына жұмыс уақыты бітпей өз балаларын алуға тыйым саламын.